

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Қарулы Күштердің медициналық қызметшілерін оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 шілде N 981

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Қарулы Күштердің медициналық қызметшілерін оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тиісті келіссөздер

жүргізсін және қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Қарулы Күштердің медициналық қызметшілерін оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы жасасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен
Түрік Республикасы Бас штабының арасындағы Қарулы Күштердің
медицина қызметшілерін оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің

арасындағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 23 ақпандағы келісімнің (бұдан әрі - 1993 жылғы 23 ақпандағы Келісім) ережелерін басшылыққа ала отырып,

әскери медициналық білім беру саласындағы ынтымақтастықты ұлғайтуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының әскери-медициналық мекемелерінің қызметін қамтитын осы Хаттаманың мақсаты медициналық оқуға жіберілетін қызметшілердің жауапкершілігінің қағидағтары мен негіздерін айқындау, сондай-ақ білімін жетілдіру және тәжірибе алмасу болып табылады.

2-бап

Осы Хаттамада төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

1. "Қызметшілер" - медициналық білім алу үшін жіберілетін Тараптардың қызметшілері. Қызметшілерге медицина қызметінің офицерлері, бірлескен жобалар жасаумен жұмыс істейтін әскери дәрігерлер, фармацевтер, стоматологтар мен мал дәрігерлері, сондай-ақ Тараптардың әскери жоғары оқу орындарының әскери-медициналық факультеттерінде оқитын оқушылары жатады.

2. "Жіберуші мемлекет" - қызметшілерін медициналық білім алу үшін жіберетін Тараптың мемлекеті.

3. "Қабылдаушы мемлекет" - медициналық білім алу үшін жіберілген қызметшілерді өз елінде қамтамасыз ететін Тараптың мемлекеті.

4. "Оқу орыны" - Қазақстан Республикасында - әскери-медициналық мекемелер, Түрік Республикасында - Анкара қаласындағы Гюльхан (GATA) Әскери Медициналық Академиясы және оған бағынысты мекемелер.

5. "Оқыту салалары" - қызметшілерді оқыту жүргізілетін медицинаның әр түрлі салалары: емдеу ісі, фармакология, стоматология, мал дәрігерлік, сондай-ақ әскери медициналық және техникалық қызметкерлерді оқыту жүзеге асырылатын басқа салалар.

6. "Практикалық сабақтар" - Тараптардың жіберуші және қабылдаушы мемлекеттері әскери-медициналық білім беру мекемелерінің оқу бағдарламалары мен еңбек тәртібіне сәйкес қызметшілермен өткізілетін сабақтар.

3-бап

Осы Хаттаманың күші Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасы Бас штабының қызметшілері мен әскери-медициналық білім беру мекемелеріне қолданылады.

4-бап

1. Медициналық білім алу үшін келетін жіберуші мемлекеттің қызметшілерін оқыту деңгейі Тараптардың өзара келісімі бойынша айқындалады.

2. Медициналық білім алу үшін жіберілетін қызметшілер Тараптар оқу орындарының әскери-медициналық факультеттерінде оқудың тиісті салалары бойынша практикалық сабақтарға қатысатын болады.

3. Қазақстан Республикасында және Түрік Республикасында медициналық білім алу үшін жіберілетін қызметшілерді оқыту мерзімі Тараптардың өзара келісімі бойынша айқындалады.

4. Қызметшілердің құрамы мен оларды келесі оқу жылында оқыту мерзімін Тараптар ағымдағы оқу жылының мамырында айқындайды.

5. Медициналық білім алатын қызметшілер Тараптардың қабылдаушы мемлекетінің оқыту және емдеу қағидаттарына бағынады.

6. Практикалық оқыту мақсатында Тараптың қабылдаушы мемлекетінің емдеуші дәрігерлері қызметшілерін көмек көрсету үшін ассистент ретінде тартуы мүмкін, мұндай жағдайда қызметшілер емделушілердің сапалы емделуі үшін жауапкершілікте болмайды.

7. Тараптың жіберуші мемлекетінің қызметшілері әскери медицина

саласындағы зерттеулер мен дамудың қолда бар мүмкіндіктерін кеңейтуде, сондай-ақ қазіргі заманғы медициналық технологияларға көшуді қамтитын жаңа мүмкіндіктер жасау жөнінде Тараптың қабылдаушы мемлекетінің қызметшілерімен өзара әрекет етеді.

8. Қазақстан Республикасында қызметшілерді оқыту қазақ тілінде, Түрік Республикасында түрік тілінде жүргізіледі.

9. Ынтымақтастық салалары:

1) біліктілікті арттыру курстары;

2) тәжірибе алмасу;

3) ғылыми конгрестер, семинарлар, оқулар және т.б.;

4) бірлескен жобалар;

5) қатысушыларды әскери оқу орындарының әскери-медициналық факультеттерінде оқыту.

5-бап

Қызметшілердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен, сондай-ақ 1993 жылғы 23 ақпандағы Келісіммен реттеледі.

6-бап

Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер 1993 жылғы 23 ақпандағы Келісімнің ережелеріне сәйкес консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілетін болады.

7-бап

Осы Хаттаманың мәтініне Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

9-бап

Осы Хаттаманың қолданыста болу мерзімі 1993 жылғы 23 ақпандағы Келісімнің қолданыста болу мерзіміне сәйкес келеді. Әрбір Тарап басқа Тарап осы Хаттаманың шарттарын сақтамаған жағдайда, ол туралы ұсыныс түскен күннен бастап 30 күннен кешіктірмей басталуы тиіс консультациялар өткізу қажеттігі туралы жазбаша өтініш жасауы мүмкін. Егер 90 күн ішінде

келісімге қол жеткізілмесе, онда Тарап бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабарландыра отырып, келесі 30 күн ішінде осы Хаттаманың күшін тоқтатуы мүмкін. Бұл жағдайда қызметшілер өздерінің жұмысын оқу мерзімі аяқталғанға дейін жалғастырады.

2001 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық

мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін

Түрік Республикасының
Бас штабы үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.